

ЛЕКЦИЯ 11. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ. АТ СПОРТЫ ТҮРЛЕРІ, ЖАРЫС ЕРЕЖЕСІ, ЖАРЫС ТҮРЛЕРІ. АТ СПОРТЫ ТҮРЛЕРІНЕН ЖАТТЫҒУ ӨТКІЗУ.

1. Жоспары:

1. Аламан бәйге, бәйге, құнан бәйге, аударыспақ, көкпар, теңге ілу, қыз қуу. Жорға жарыс. Жарыс ережесі. Жарысқа қатысушылар.

2. Аттарға қойылатын талаптар. Төрешілер алқасы. Жарыс түрлері. Жарыс нтижесін шығару. Есеп беру.

3. Болашақта дамытуға алынатын спорт түрлері: дөнен бәйге, камшыгерлік, ат омырауластыру, сайыс, салма ілу, үкілі почта, жамбы ату, Шөген.

4. Ат түрлері, тегі. Жарыс аттарына қойылатын талаптар. Жарысқа қойылатын аттарды баптау, жарату.

2 Мақсаты мен міндеттері: Студенттерге теориялық білім беру, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету

3 Лекция мазмұны (қысқаша): Ел егемендігі, Тәуелсіздігіміз және ұлттық спорт түрлерінің жанашырларының арқасында осы 90-шы жылдардың ортасында Ұлттық Ат Спорт Федерациясы дүниеге келді.

Көптеген азаматтардың жанқиярлық еңбектерінің нәтижесінде 1996 жылдың 1-ші наурызында Алматыда бүкіл Қазақстан атбегілерінің 1-ші құрылтай – конференциясы өткізілді. Онда тұңғыш рет ұлттық спорттың ережелері, конституциясы қабылданды. Сондықтан, 1996 жылдың 1-ші наурызы ұлттық ат спорты тарихында ерекше күн болып саналады. 1996 жыл ел атбегілерінің Венгрия республикасында өткен «Бүкіл дүниежүзі атбегілерінің, шабандоздарының 1-ші фестиваліне» қатысумен ғана емес, 23 мемлекеттен озып, фестивальдің бас жүлдесіне ие болумен де ерекшеленеді. Ұлттық спортқа арналған құлшыныстың арқасында 1999 жылдың 7 сәуірінде жаңа елордамыз – Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт федерациясының 1-ші съезі өтті. Екінші съезд 2001 жылдың 15 ақпанында өткізілді.

Бұл жылдар шын мәнінде Ұлттық ат спорты ойындарының биік-биік белестерге, межелерге жеткен жемісті жылдар болды. Барлық облыстарда филиалдар құрылып, ат спорты мектептері ашыла бастады. «Маңмаңгер», «Атбегі» журналдары мен «Қазақ тұлпары» атты газет ат спорты азаматтарының қолынан түспейтін болды. Сол кезде, 2002 жылдың салқын көктемінде белгісіз себептермен ҚРҰС түрлерінің Федерациясы ресми жабылды. Бірақ, жұмыс бір мезет те тоқтаған жоқ. Қиындықтарға қарамай, ұлттық ат спорты федерациясы нағыз қайраткерлері – жақсы жарыстардың

жаршысы, ұлы істердің ұйытқысы болды. 2002 жылы Тараздың 2000 жылдығы, 2003 жылы Махамбеттің, Кенесары ханның 200 жылдық мерейтойына арналған ат жарыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

2004 жылдың 15 мамырында Қазақстан Республикасы Ұлттық Спорт түрлері қауымдастығы құрылды. Ол 2004 жылдың 8-ші қарашасында Әділет министрлігінен заңды тіркеуден өтті. ҚРҰС түрлері қауымдастығы заңды тұлғалар бірлестігінің негізгі мақсаттары болып, ұлттық спорт түрлерін жаңғырту және қайта дамыту, салауатты өмір салтын бекіту және насихаттау, халықтың денсаулығын дене тәрбиесі мен спорт құралдарымен нығайту, жастарды патриоттық, батылдық, Отан алдындағы борышын өтеу сезімдеріне тәрбиелеу болып табылады. Құрамында 17 федерация, 18 филиалы бар қауымдастық ретінде бұл міндетті орындап келеді.

Тай жарыс - Көне заманнан бері келе жатқан, балалардың жазда сүйіп ойнайтын ойындарының бірі – тай жарыс. Үлкендердің ақыл-кеңесімен жарысты балалардың өзі әзірлеп, өздері өткізген. Тай жарысқа тек бір жасқа келген жылқы ғана қатыстырылған. Тайға мініп шабатын балалардың 7-8 жас мөлшерінде болады. Халықтың дәстүрі бойынша әр баланың өзіне арналған бәсіре жылқысы болған. Ол жаңа туған құлын күннен бастап баланың қамқорлығына көшеді.

Жазда қатар қонып отырған ауыл балалары жиылып тайларын үйретіп, үйретілген тайларын жарыстыруға келіседі. Тай жарысы жақын қашықтықты өткізіледі. Тайға ер-тоқым салынбайды, бала жайдақ мініп шабады. Ойынды ересек балалар басқарады. Оны ат айдаушы деп атайды. Белгіленген жерге жеткенде, ат айдаушы жарысқа қатысушыларды қатар тұрғызады да, жарыстың басталғандығы туралы белгі береді. Озып келген тай иесі жеңімпаз атанады.

Бұл тек ойын ғана емес, баланы жастайынан қоғамдық өмірге, еңбекке тартып, шаруашылық жағдайымен ерте танысуға, жылқы малын танып, білуге баулиды. Жарысқа қатынасу арқылы жастайынан шабысқа жаттыға береді. Сөйтіп, тай болашақ үлкен жарыстың сынағынан өтеді. Бала өзінің жеңіске деген ерік-қайратын шыңдай береді.

Жорға жарысы спорттының да өзіне тән ерекшелігі бар. Жорға өзінің жұмсақ та тайпалма жүрісімен көзге түседі. Жорға оң жақтағы алдыңғы аяғымен, сол жақтағы аяқтарын бір мезгілде алады. Жарыс кезінде нағыз жорғалар жорғасынан танбайды. Ондай жорғаларды су жорға дейді. Өйткені ондай жорғалармен алып жүрген су шайқалмайды да, төгілмейді. Ондай жорғалар жарыс кезінде басынан бір танбайды. Егерде жорға жарысына қосқан жорға жорғасынан жаңылып, шоқырақтап шабатын болса, тоны жарысқа

қосушы иесіне айып салынады. Ал ол тәртіпті төртке дейін бұзатын болса, онда жарыстан шығарылып тасталатын болады.

Жорға жарысты тек қысқа, жол ыңғайына қарай 2-3 шақырым аралықта өткізіледі. Мұның өзі аттың шаршап, жорғадан шабысқа түспеуі үшін қолданатын тәртіп екені түсінікті. Жарысқа түсетін аттар – көбінесе жол жорғалар мен шаппа жорғалар болады.

Жорғаға әдетте ұлттық киім киген қыз-келіншектер мініп жарысады. Әйелдер үшін қашықтық 2-3 километр. Жорға жарысында 6 километр қашықтықты шабандоздар атымен 10 минут 26 секунд ішінде өтіп, Бәйсен Елгезеровең жақсы нәтиже көрсетті. Ал әйелдер арасында 1960 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының студенткасы Райхан Әбілхатова 3 километр қашықтықты 5 минут 28 секундта өтіп, республикалық рекорд жасады.

Мұндай жарысқа жорға мінуге әбден дағдыланған спортшылар қатыстырылады. Олардың жасы он сегізден жоғары болуы керек. Жорғаның жасы үш жастан жоғары болуы тиіс. Жарысқа кез келген жылқы тұқымына жататын атты қосуға болады. Қашықтық 2 мың метрден 10 мың метрге дейін болуы мүмкін. Ол жарыс ережелерінде белгіленеді.

Жарыс орны тегіс жердегі айналым, жұмсақ тура жол немесе ипподромдағы ат шабатын айналым болуы мүмкін.

Жарыс өткізу тәртібі және шарттары. Жарысқа қатысушылардың кезегі жеребе бойынша анықталады.

Өкіл (жаттықтырушы) төрешілер коллегиясына жеребе тартқанға дейін берілетін заявкада шабандоздың фамилиясы, аты, жасы және жарысқа қай мезгілде қатысатыны (бірнеше топ болып жарысқанда) көрсетіледі. Сондай-ақ осы заявкада атының жынысы, туған жылы және қандылығы жазылады. Тегі жөнінде документ жоқ аттар тегі белгісіз деп тіркеледі.

Мал дәрігерлігі пункттерінің рұқсат еткен анықтамалығы болмаса, ат жарысқа жіберілмейді.

Жарысқа тек бір атпен бір шабандоз ғана қатыса алады.

Жарысқа қатысушылар өз коллективтерінде киетін немесе жарыс ережелерінде көрсетілген киімді ғана киюлері тиіс.

Әрбір шабандоздың жеребе тартқаннан кейін төрешілер коллегиясы берген екі қарына немесе ерінің артқы қасының тұсына, тоқымының екі жағына бекітілген бір рет нөмірі болуы керек.

Ескерту. Шабандоздың рет нөміріне (алфавит бойынша орналасу ретіне қарай) сай болсын деп ережеде көрсетуге де болады, мысалы, Алматы облысының рет нөмірі 2. Бірақ бұл жеребе бойынша облыстардың жарысқа қатысу тәртібін анықтау керек болады.

Жарыс кезінде қашықтықты азайтуға, шабандоздың атын шыбықпен немесе қамшымен ұруға болмайды. Ережені бұзған шабандоз жарыстан шығарылады.

Жарысқа қатысушылар бүкіл қашықтық бойынша аттарын жорғасынан жаңылдырмаулары тиіс. Аттың жорғасынан жаңылып, желіп немесе шоқырақтап кетуі ең көп дегенде 2 километрде 4 рет, 4 километрде 5 рет, 6 километрде-7, 10 километрде 10 реттен аспауы тиіс.

Ескерту. Ат төрттен он екіге дейін шоқырақтаса, жорғасынан жаңылған болып есептеледі, ал 13 рет немесе одан да көп шоқырақтаса, шапқан болып саналады да жарыстан шығарылады; үш ретке дейін шоқырақтау жүріс қосу болып есептеледі, ол үшін шабандозға жаза қолданылмайды.

Тұмақ ұру - Тұмақ ұру ойыны көгалды алаңда өткізіледі. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынға әркім өз атымен қатысады. Күні бұрын көмбе белгіленіп 20 метр жерге биіктігі ат бойындай қазық қағылады да тұмақ кигізіледі. Ойынға көз байлайтын орамал керек. Ойыншылар бір сызықтың бойына қаз-қатар тұрады.

ОЙЫН ЕРЕЖЕСІ. Басқарушы кезектегі тұрған, яғни, қатардың өз жағындағы ең шеткі ойыншыны ортаға шақырады. Оның көзін орамалмен байлап, атына мінгізіп, қолына қамшы береді.

Осы көзі орамалмен байланған салт атты жігіт қолындағы қамшысымен тұмақты дәл ұрып түсіру керек. Ойын ережесі бойынша тұмақты үш рет ұру еркі бар. Айталық, бір рет ұрғанда тимесе, онда одан ары тұмақты іздеп тағы ұруына болады. Онда таба алмаса тұмақты одан ары іздеп тағы ұрады. Осылайша, барлық ойыншылар бір реттен айналып шыққанда тұмақты кім көп ұрса, сол ойыншы жеңімпаз атанады.

Құнан жарыс-Ертеден келе жатқан халықтың спорттық ойындарының бірі – құнан жарыс. Құнан жарысқа тай кезінде озып, бәйгеден келіп жүрген екі жасар жылқы қатыстырылады. Құнан жарысқа қосылмай тұрып, күн ілгері әзірленеді – бапталып, жаратылады. Құнан жарысы көбінесе шағын тойларда өткізіледі. Құнан жарысы 8-10 шақырымдық қысқа қашықтықта өтіледі, ал үлкен жиын тойларда көбінесе аса қашықтыққа шабатын бәйге, аламан бәйге аттары келгенше жиылған жұртты зеріктірмес үшін пайдаланылады. Құнан жарысына 8-9 жастағы балалар қатысады. Бала құнанда бәйгеге баптаудан бастап, барлық әзірлік кезеңіне қатынасып, шаруашылық мектебінен өтеді. Өмірге әзірленіп, шаруашылыққа қатынасады, ерік-қайратын шыңдап, жеңіске деген ынта-жігері артады.

Дөнен жарыс -Халықтық көне спорттық ойындарының бірі- дөнен жарысы. Дөнен жарысына әзірлік жарыс болардан әлдеқайда ерте басталады. Жарысқа 4 жасар аттар әзірленеді. Жарысқа қатынасатын дөнендер мұқият

іріктеледі және ат жарысына жасалатын әзірліктің барлық тәртіптері мұқият сақталады. Дөнен жарысы үлкен жиын тойлард, алысқа шабатын сақа аттардың алдында құнан жрысының соңынан басталады. Дөнен жарысына да жас мөлшері 9-10 шамасындағы немесе одан ересек балалар қатысады. Дөнендерді қай қашықтықтан жіберу керектігін алдын-ала белгіленген төрешілер алқасы келісіп шешеді. Ертеде дөнендер 25-30 шақырым, тіпті одан да алыс қашықтыққа жіберілген. Озып бәйге алған дөнендер келесі жылдары бәйгенің ең жоғары сатылары – ат жарысы мен аламан бәйгеге қосыла алады.

Дөнен жарысын әзірлеуге қатнасқан бала мал шарушылығы саласынан көп мағлұмат алып, жылқы малын танып, біліп өседі.

Бәйге-Бұл халық арасында ең көп тараған ат спортының түрі. Жергілікті жерлерде қысқа және орташа қашықтыққа бәйге өткізіледі, сондай-ақ ол жарысқа қатысушылардың барлығы үшін жаппай өткізілетін кросс болып та табылады.

Бәйгеде спортшының тактикалық шеберлігінің үлкен маңызы бар. Өйткені аты жүйрік спортшы емес, атының шамасына қарай керек жерінде басын үркіп немесе қоя беріп, жарысты дұрыс өткізген спортшының жеңіп кететін кездері аз болмайды.

Қостанайлық жылқы тұқымдары алысқа шапқанда төзімді келеді. Мысалы, елуінші жылдары жарыс аттары алысқа жіберіліп сыналды. Сонда 1953 жылы Алматы облысындағы «Қастек» қой совхозынан Қастекбай Рахметжанов бір тәулік ішінде 311,6 км жерден шауып өтіп бүкіл одақтық жоғары көрсеткішке жетті. Сөйтіп, ол «спорт шебері» атағын алу правосына ие болды.

Бәйгеде классификациялық қашықтықтар 7, 12 және 16 км. 7 километрлік бәйге колхоздардың, совхоздардың, жылқы заводтарының, Қазақстанның барлық қалаларында жыл сайын өткізілетін ат спорты жарыстары программасына міндетті түрде енгізіледі. Бұл қашықтықтарбойынша разрядберіледі.

Тегіс жерде қысқа және орташа қашықтыққа кедергісіз өткізілетін жарыстарға 18 жасқа толған және одан да асқан, жаттықтырушының басшылығымен жарысқа тиісінше даярланған спортшылар жіберіледі. Бәйге аты бес жаста және одан да асқан болуы керек. Қашықтықтың қандай болатындығын жарысты өткізетін ұйым анықтайды, ол 7 және 16 мың метр аралығында болады.

Жарыс тегіс жерде, айнала, тура жұмсақ жолмен тіке шауып, яки ипподромда өткізілуі мүмкін.

Жарысты өткізу шарттары мен тәртібі киім түрі және атты дайындау жолдары, сондай-ақ қауіпсіздік шаралары аламан бәйгедегідей.

Аламан бәйге-Аламан бәйгеге жасы 20-ға толған және одан асқан, жаттықтырушы жеткілікті дәрижеде дайарлықтан өткізген спортшыларға қатысуға ұрықсат етіледі. Жарысқа әбден жаратылған төзімді аттар таңдалып алынады. Кез келген тұқымның аттарын бәйгеге қосуға рұқсат етілмейді. Қашықтықты әрбір жарыста оны өткізетін ұйым белгілейді. Ондайда жарыстың мақсаты мен сипаты ескеріледі, соған орай аттардың шабатын қашықтығы 20 километрден 100 километрге дейін болуы мүмкін, қазіргі уақытта жарыс айнала шабатын, сондай-ақ жұмсақ тура жолы бар ипподромда өткізіледі.

Бәйге өткізу мен тәртібі мен шарттары. Бәйгеге қатысушылардың кезегі команданың өкілін қатыстыра отырып, төрешілер коллегиясы өткізетін жеребе тарту рәсімі арқылы анықталады.

Жеребе тарту алдында команда өкілі бәйгеге қатысушының фамилиясын және туған жылын көрсетіп заявка береді. Осы заявкада бәйгеге қосылатын ат жөнінде жынысы, туған жылы, қандылығы сияқты мәліметтер болуы тиіс.

Мал дәрігерлігі пунктiнiң рұқсат еткендігі жайлы анықтамалығы болмаса, аттар жарысқа жіберілмейді.

Жарыста бір атқа тұрақты бір адамның ғана мініп шабуына рұқсат етіледі.

Бәйгеге қатысушылар өздерінің коллективі киетін киімді немесе жарысты өткізетін ұйым белгілеген киімді киюлері тиіс.

Жарысқа қатысатын әрбір спортшыда жеребе тартып болған соң төрешілер коллегиясы берген нөмері болуы, ол екі жеңінің шынтағынан жоғары жеріне немесе ердің артқы қасының тұсына тоқымының екі жағына бекітіліп қойылуы тиіс.

Жарысып келе жатқан кезде қашықтықты азайтуға, екінші адамның атын шыбықпен немесе қамшымен ұруға болмайды. Осы және басқа да бұзған ойыншы жарыстан шығарылып тасталады.

Шабу. Аттарды айналым бойынша бібергенде оларды сағат тілінің қозғалысына қарсы бағытта шаптыру керек. Шауып келе жатқанда бір шабандоз екіншісіне кедергі келтірмеуі тиіс. Алға алдыңғы аттының сырт жағынан, яғни оң жағынан орап өту керек. Жарысқа қатысушы адам атпен шауып бара жатқанда көтермелеуге рұқсат етілмейді. Екінші атты кісінің атымен әдейі соғып кеткен, оның алдына кес-кестеген немесе спортшылардың шабуына басқа да кедергі келтірген спортшыны жарыстан шығарылады (дисквалификацияланады). Ондай спортшының қандай орын алғандығы анықталмайды.

Қарақшыға жету қорытындылары. Қарақшыға жеткен соң барлық шабандоздарға да алған орнына қарай – бірінші орын алса – бір, екінші орынға – екі, үшіншіге – үш ұпай есептеледі. Бұл – жарыс жеңімпаздарын ең аз ұпай

санымен анықтау жүйесі. Егер командадан бір спортшы қатыспаған болса, командаға ең соңғы орын беріліп және 2 айып ұпай салынады. Жарыс жеңімпаздарын, сондай-ақ ең көп ұпай санымен де анықтауға болады. Ұпайларды есептеу жүйесі жарысты өткізу туралы ережелерде айтылады.

Егер шабандоздар топқа бөлініп шапқан болса, онда олардың алған орындары олардың көрсеткен уақыты бойынша анықталады. Сол қашақтықты ең аз уақытта шауып өткен спартшыға бірінші орын беріледі.

Киім және аттарды дайындау. Шабандоздың қонышты мықты аяқ киімі, денесіне жабысып тұратын шалбары, қалың матадан күртешесі (көйлегі) болуы тиіс. Басында жеңіл бөркі немесе орамалы болуы керек. Көзіне шыбын-шіркейлерден, шаңнан қорғайтын көзілдірік киюіне де болады.

Атты дайындауға мынадай талаптар қойылады: жүгені басына тар болмауы әрі арқасына батпайтындай жайлы болуы тиіс. «Жарысқа дайындалыңдар» деп шақырғанға дейін тартпасы мен айылының беріктігін, дұрыс тартылған-тартылмағандығын тексеруден өткізуі керек. Тартпаны арасынан екі саусақ, ал айылын төрт саусақ өтетіндей етіп тарту қажет. Сонда мұның өзі аттың дем алуына көп кедергі келтірмейтіндей болады.

Үзеңгісінің ұзындығын шабандоз былай тексереді. Үзеңгісіне аяғын тіреп тұрғанда ер мен екі ортадан жұдырық өтетіндей немесе алақан еніндей қуыс қалуы тиіс. Ол қуыс көп болса, таралғыны қысқартады, аз болса – ұзартады.

Қауіпсіздік шаралары. Шабандоз атқа тікелей отыруы керек. Тізгінді үнемі жинап ұстау қажет. Шабандоздың өкшесі башпайларының деңгейінен төмен болуы тиіс.

4 Оқытудың техникалық құралдары: интеракт. тақта, проектор т.б.

5 Лекцияның әдістері мен түрлері: сұрақ-жауап, дөңгелек үстел

6 Әр түрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар

1 деңгей

- Аламан бәйге, бәйге, құнан бәйге, аударыспақ, көкпар, теңге ілу, қыз куу. Жорға жарыс.
- Жарыс ережесі.
- Жарысқа қатысушылар.

2-деңгей

- 2. Аттарға қойылатын талаптар.
- Төрешілер алқасы. Жарыс түрлері.
- Жарыс нтижесін шығару. Есеп беру.

3-деңгей

- 3. Болашақта дамытуға алынатын спорт түрлері: дөнен бәйге, қамшыгерлік, ат омырауластыру, сайыс, салма ілу, үкілі почта, жамбы ату.
- Жарысқа қойылатын аттарды баптау, жарату.

7 СӨЖ және ОБСӨЖ тапсырмалары (Өзіндік жұмысқа арналған тапсырма нұсқаулары көрсетіледі)

- Ат түрлері, тегі. Жарыс аттарына қойылатын талаптар.

8 Пайдаланған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Физическая подготовка единоборцев. Теоретико-практические рекомендации. ТВТ Дивизион Москва-2017 Д.В.Максимов, В.Н.
2. Ұлттық спорт ойындары. Оқу құралы. Альманахь. Алматы-2019. Б.А.Шилібаев.
3. Е.Алимханов. Қазақтың ұлттық халық ойындары мен спортының теориялық және педагогикалық негіздері. Қазақ университеті баспасы. Монография. Алматы-2018.
4. Казакша курес. Учебное пособие. Алматы. Мектеп. 2011. П.Ф.Матущак, Е.М.Мухиддинов.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ұлттық ойындар арқылы жасөспірімдердің қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. Тұран. Түркістан-2017. Н.К.Жилисбаев., Е.Е.Сейдахетов